



Автор: Ибраева Жазира Агабековна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Көшпенділер мәдениеті

Тақырып: Көне түркі жазуы

Оқу бағдарламасына сілтеме	7Т/А3. Мәтіннен ақпаратты анықтау. 7ӘТН5. Пунктуациялық норма. 7ӘТН2. Орфоэпиялық норма.
Оқу мақсаттары	7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. 7ӘТН5 Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану. 7ӘТН2 Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.
Сабақтың мақсаттары	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратады. Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданады. Тыныс белгілерін дұрыс қолдану, интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Қызығушылықты ояту/Топқа бөлу Оқушылардың ішінен оқушылар 4 көшбасшыны таңдайды. 4 оқушы кезегімен өз тобын (Тарих, Түркі, Күлтегін, Көкбөрі) жинайды. Оқушылар суреттерге қарап, Секен Тұрысбековтың «Күлтегін» күйін жіберу арқылы сабақтың тақырыбын болжайды. Сабақ тақырыбымен таныстыру. Сабақ мақсаттарын оқушылардың өзіне айтқызу арқылы айқындау. Дескрипторлармен таныстыру	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	<p>1-тапсырма.</p> <p>Тыңдалым/Айтылым.</p> <p>ТЖ Оқушылар берілген бейнероликті тыңдау арқылы 1-2-топтар фактілер мен көзқарастарды қағаз бетіне түсіреді, 3-4-топтар проблемалық сұрақтар құрастырады.</p> <p>Әр топ түсіндіреді, топтар бірін-бірі дескрипторлар бойынша бағалайды.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары</p> <p>1-нұсқа Дескрипторлар: -мазмұнын түсінеді.</p> <p>-проблемалық сұрақтар құрастырады (проблемалық сұрақтар топ мүшелерінің санына байланысты болуы қажет).</p> <p>2-нұсқа Фактілер Көзқарастар</p> <p>Дескрипторлар: -мазмұнын түсінеді.</p> <p>-фактілер мен көзқарастарды анықтайды (фактілер мен көзқарастар топ мүшелерінің санына байланысты болуы қажет).</p> <p>2-тапсырма. Оқылым.ТЖ Берілген мәтіндердің тыныс белгілерін дұрыс қойыңдар (Оқушылар тапсырманы топпен орындайды, кейін басқа топқа тексеруге береді). 1-мәтін. 1-2-топтарға Енисей жазба мұралары.</p> <p>Олардың бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисейбойынан табылумен байланысты бұған қосымша кейіннен Тува менХакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған Енисей жазбаларының жалпы саны - 85 шамалы олардың ішінде кіші – кіші жазбалармен қатар ірі тестер кездеседі Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы бұл жазу біртіндеп Орхон өзені одан Талас өзені өңіріне тарады бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді. Орхон жазба ескерткіштері. Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Монғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты аралық алып жатқан ұлы империяға айналды кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі солай бола тұра V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер Тоныкөк туралы Копенгагиндік профессор В. Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат ала аламыз: Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үдесі туралы Қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидт кездестірген құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді бұл сөз термин ретінде бертін келе кеңінен таралып кетті 2-мәтін. 3-4-топтарға Талас жазу ескерткіштері. Талас өзені аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр Талас өзенінің бойынан Қырғызстан жерінен барлығы 23 ескерткіш табылған Таластан табылған ескерткіштер көлемі тар көлемі әзірше өте шағын және сан жағынан да аз Талас алқабынан 1932 жылы табылған руна жазуы бар алатаяқ та қызықтыра түсті оның төрт қырында да көне түркі алфавитімен жазылған бұл алатаяқ шыршадан жасалған оның құндылығы да осында алатаяқ қазір Санкт-Петербургтегі мемлекеттік Эрмитажда сақталуы Орхон-Енисей ескерткіштері тектес таңба-жазылуы тастар Әулиеата түбінен Талдықорған өңірінен Сарыарқадан және Алматы маңынан табылған сонымен ежелгі түркі елі белгілі бір аумақта өмір сүріп өзіне лайық жазуын</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=e2eO_Xkkw6c</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	Кері байланыс. «Карусель» әдісі арқылы жүзеге асады Оқушылар мен мұғалім параллель тұрып, бүгінгі сабақта жаңалық болған 2 ақпаратты айтып өтеді.	